

БЕКІТІЛДІ

«М.Х. Дулати атындағы Тараз
университеті» КеАҚ

Академиялық Кеңестің шешімімен
Хаттама №3, 21.11.2025 ж.



ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУДІ ӘЗІРЛЕУ МЕН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № 108

Тараз 2025

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Жұмыс тобының жетекшісі Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры Алимбаева С.К.	 /КОЛЫ/	10.11.2025 ж.
2. ЕНГІЗІЛДІ	Академиялық жұмыс жөніндегі департаментімен		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	Алғаш рет		
5. ТАРАТУ	Проректорларға, құрылым басшыларына, декандарға, кафедраларға		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті КеАҚ Академиялық кеңесінің шешімімен», 21 қараша 2025 ж. хаттама №3		
7. КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Еркінбаева Л.К.	_____ /КОЛЫ/	_____ ж.
	Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	17.11.25 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /КОЛЫ/	_____ ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дәрібаев Ж.Е.	 /КОЛЫ/	17.11.25 ж.

Бұл құжат «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың
руқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды

МАЗМҰНЫ

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
2.1 Нормативтік құжаттар	4
3 Негізгі терминдер мен қысқартулар	5
3.1 Негізгі терминдер мен қысқартулар	5
4 Жауапкершілік және өкілеттіктер	6
5 Жалпы ережелер	7
6 Қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі	7
7 Қос дипломды білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру	9
8 Білім алушыны Дулати университетіне қабылдау процедурасы	10
9 ЖЖОКБҰ-серіктеске қабылдау процедурасы	11
10 ЖЖОКБҰ-серіктес ұйымдардан шетелдік білім алушылардың Дулати университетінде болу тәртібі	11
11 Қос дипломды білім беру бағдарламаларының ықтимал тәуекелдерінің үлгілері және азайту және/немесе жою шаралары	11
12 Оқу және тұру ақысы	12
13 Қосымшалар	12
Қосымша А. Пәндерді қайта есептеу тәртібі	13
Қосымша Б. Өзгеріс енгізу парағы	14

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Дулати Университеті) бөлімшелермен бірлескен білім беру бағдарламалары мен қос дипломды білім беруді әзірлеу мен іске асырудың жалпы тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, ҚР ҒЖЖБМ нормативтік құжаттарын, Дулати Университетінің Жарғысын, Дулати Университетінің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

1.3 Осы Ереже Дулати Университетінің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және білім беру бағдарламаларын әзірлеу талаптары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

1.4 Осы ереже бойынша барлық жұмыстарды Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бақылайды. Ереже талаптарының жұмыс жағдайында сақталуына Тіркеу кеңсесі мен Оқу әдістемелік бөлімі (бұдан әрі – ТК ОӘБ) жауапты болады.

1.5 Осы Ереже Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қызметінің құқықтық жағдайлары, халықаралық келісімдер мен Дулати Университеті қолданылатын нормативтік базаның өзгеруіне қарай нақтылануы, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

1.6 Ереже Дулати Университетінің дайындау, өткізу және құжаттау процестеріне қатысатын барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;

– Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I «ҚР тілдер туралы» Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №174 бұйрығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулармен);

– Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (өзгертулермен және толықтырулармен);

– Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру ережесі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 27 желтоқсандағы №661 бұйрығы;

– Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген (өзгертулермен және толықтырулармен);

– Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығы;

- Серіктес жоғары оқу орындарымен жасалған ынтықтастық меморандумдары;
- «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ сапа саласындағы саясаты;
- ISO 9001, 31000, 45001, 14001 Халықаралық стандарттары;
- «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ нормативтік құжаттары.

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Негізгі терминдер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

ББББ – бірлескен білім беру бағдарламасы;
ҚДБ – қос дипломды бағдарлама;
ХЫБ – халықаралық ынтымақтастық басқармасы
ЖОЖ – жеке оқу жоспары;
ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ПД – пәндер каталогы
БББ – білім беру бағдарламалары
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
ЕРВО – жоғары білім берудің бірыңғай платформасы
Дулати Университеті – «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ
Академиялық күнтізбе – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мерекелерді)
Транскрипт – кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде көрсете отырып, оқытудың, практикадан өтудің, тағылымдамадан өтудің тиісті кезеңінде білім беру бағдарламасының игерілген компоненттерінің тізбесін қамтитын құжат
ЖЖОКБҰ-серіктес – ЖЖОКБҰ-мен білім және ғылым саласындағы бірлескен қызмет туралы жасасқан шетелдік немесе қазақстандық шарт (келісім, меморандум)
Бірлескен білім беру бағдарламасы – екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ-серіктестер (қазақстандық немесе қазақстандық және шетелдік) әзірлеген және іске асыратын, бағдарламаны сәтті меңгерген түлектерге жоғары білім туралы тиісті құжаттарды (транскрипттер, сертификаттар) бере отырып, екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ бірлескен дәрежелерін (біліктіліктерін) беруді көздейтін білім беру бағдарламасы
Қос дипломды білім беру – қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші

<p>қосымша диплом алу мақсатында білім беру бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігі</p>
<p>Онлайн оқыту – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара іс-қимыл жасау арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны</p>
<p>Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTӨ) – білім беру траекториясын, ЖЖОКБҰ мен оқу елін ауыстырған кезде оларды салыстыру және қайта есепке алу (кредиттер мен бағалау) жүзеге асырылатын БББ (модуль/пәндер, практика) компоненттерін құрайтын сынақ бірліктерін (кредиттерді) беру тәсілі</p>
<p>Жеке академиялық ұтқырлық – білім алушыны, ПОҚ, ӘБП және ғылыми қызметкерді белгілі бір кезеңге оқыту, сабақ беру, практикадан және тағылымдамадан өту үшін басқа шетелдік білім беру және ғылыми мекемеге ауыстыру</p>
<p>Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары</p>
<p>Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқу реттілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту</p>
<p>Ынтымақтастық туралы меморандум – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылым және инновациялар саласында, сондай-ақ ПОҚ қызметкерлері арасында тәжірибе алмасу саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында белгілі бір мерзімге жасалатын университет пен ЖЖОКБҰ-серіктес арасындағы екі жақты келісім</p>
<p>Қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы келісім/шарт (Келісім) – Дулати Университеті мен ЖЖОКБҰ бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі талаптарын, құқықтары мен міндеттемелерін қамтитын келісім</p>
<p>Сертификат – ЖЖОКБҰ-серіктес білім алушыға беретін құжат</p>

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1 Осы Ереже университеттің Академиялық кеңесі шешімімен бекітіледі.

4.2 Талаптарды енгізуге оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы, кафедра меңгерушілері жауапты болады.

4.3 Осы ереженің талаптарын әзірлеу, олардың СТУ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеуші жауапты болады.

4.4 Рәсімді басқаруға жауапты оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы, кафедра меңгерушілері, декан рәсімдеу сапасына жауапты болады.

4.5 Процестің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіру, құжаттаманы басқару және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын лауазымды тұлғалар жауапты болады.

4.6 Бөлімде СМЖ сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың таралып кетуіне бөлімдердің басшылары жауапты болады.

4.7 Ережені әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу СТУ 01-ге сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.8 Осы ережені келісу Алғысөзде келтірілген лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады.

4.9 Түпнұсқаны университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапасын қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.

4.10 Осы ереженің есепке алынған жұмыс даналарын оқу-әдістемелік бөлімі университеттің факультеттеріне мен кафедраларына жіберіледі. Ережені көбейту үшін «Дулати университеті» баспасының директоры жауапты болады.

4.11 Ереженің сақталуына жауапкершілік университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапасын қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қос дипломды БББ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру серіктестері ұйымдарының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және үндестіруге негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарлама;

5.2 Қос дипломды БББ ЖЖОКБҰ-серіктестер (кемінде екі ЖЖОКБҰ) арасындағы шарт негізінде әзірленеді, бұл ретте ЖЖОКБҰ серіктес қос дипломды білім беру бағдарламасы құрылатын Дулати Университеті даярлау бағыттары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыруға және осы БББ бойынша даярлауға лицензиясы болуы тиіс.

Бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжат бағдарламаға қатысушы ЖОО жасасатын бірлескен білім беру бағдарламасы туралы келісім болып табылады.

Жасалатын келісім екі талапқа сай болуы тиіс:

– серіктес жоғары оқу орындарының орналасқан елдерінің қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеу;

– бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде тараптардың өзара қарым-қатынасын реттеу үшін елеулі және барлық өзге де қажетті жағдайларды қамтуы міндетті.

5.3 Дулати Университетінде қос дипломды БББ іске асыру мақсаттары:

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жоғары білікті кадрларды жетекші ЖЖОКБҰ-серіктестермен бірлесіп берілетін дәрежелер мен біліктіліктерді өзара тану шарттарында даярлау;

– халықаралық білім беру кеңістігінде Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру;

– Болон процесінің қағидаттарына сәйкес ЖОО БББ жаңғырту;

– ЖЖОКБҰ-серіктестердің оқу-әдістемелік, педагогикалық, материалдық-техникалық, ақпараттық және зияткерлік ресурстарын біріктіру.

6 ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 Факультет (кафедра) халықаралық ынтымақтастық басқармасымен (бұдан әрі – ХЫБ) бірлесіп кадрларды даярлау бағыттары бойынша серіктес-ЖОО іздеу жөніндегі іс-қимылдарды келіседі және олармен хат алмасуды жүргізеді.

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары және ЖЖОКБҰ серіктес ұйымының талаптары ескеріледі.

6.2 Қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде мыналар ескерілу қажет:

– Дублин дескрипторларын және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көпдеңгейлі білім беру мазмұнын түсіну;

– Білім беру бағдарламаларын жобалаудың негізі ретінде құзыреттілік тәсіл, модульдік, икемділік;

– Берілген критерийлерге сәйкес қол жеткізілген оқу нәтижелерінің өлшемділігі.

6.3 Қос дипломды білім беру бағдарламаларын бекіту процедурасы ЖЖОКБҰ-серіктес ұйымымен келісілгеннен кейін Дулати Университетінің нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады және EPVO-ға енгізіледі.

6.4 Әзірленген қос дипломды білім беру бағдарламалары ЖЖОКБҰ-серіктестерінің әрқайсысының Ғылыми кеңесінде талқыланады және бекітіледі.

6.5 Білім беру бағдарламалары, егер олар келесі сипаттамаларға сәйкес келсе, бірлескен болып саналады:

– бағдарламаларды екі немесе бірнеше ЖЖОКБҰ бірлесіп әзірлейді және мақұлдайды;

– ЖЖОКБҰ білім алушысы белгілі бір дайындық бағыты бойынша бір немесе бірнеше ЖЖОКБҰ оқудың бір бөлігінен өтеді;

– білім алушының Дулати университетінде және ЖЖОКБҰ-серіктестерде оқу мерзімі ұзақтығы бойынша бірдей.

6.6 Қос дипломды білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және ЖЖОКБҰ-серіктесінің талаптарын ескереді.

6.7 Қос дипломды білім беру бағдарламалары екі ЖЖОКБҰ-серіктес арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл ретте қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

1) келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2) қос дипломды білім беруге енгізілген білім алушылардың ЖЖОКБҰ-серіктесіндегі білім беру бағдарламасының бөліктерін игеруі;

3) сапаны қамтамасыз етудің уағдаластықтары, жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта есептеу;

4) оқытушылардың қос дипломды білім беруге қатысуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу, оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу болып табылады;

5) қос дипломды білім беру бағдарламаларын толық меңгерген білім алушыларға әрбір ЖЖОКБҰ-серіктес дәрежесі немесе уағдаластықтар негізінде бір бірлескен дәреже беріледі.

6.8 Білім алушыны қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізу оның өтініші негізінде және оның өтініші негізінде және ЖЖОКБҰ-серіктеспен жасалған келісімге (Шартқа) сәйкес жүзеге асырылады.

6.9 Қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар «енгізілген білім» деген ерекше белгісі бар және оқу кезеңін, оқу мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттер көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас процедурасынан өтеді.

6.10 Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың еңбек сыйымдылығын (кредиттер мен сағаттарда), семестрлер бойынша бөлуді, Дулати университеті мен ЖЖОКБҰ-серіктесті, олар игерілетін жерде қайта есептеу тәртібін қамтиды (Қосымша А).

6.11 ЖЖОКБҰ-серіктесінде игерілген кредиттерді қайта есептеуді оқу жоспары пәндеріндегі айырмашылықты жою тәртібі мен мерзімдерін факультет деканы, кафедра меңгерушісі ресімдейді және Басқарма мүшесі - Академиялық жұмыс жөніндегі проректор қуәландырады.

6.12 ЖЖОКБҰ-серіктесте игерілген қайта есептелген кредиттер академиялық транскриптке енгізіледі.

6.13 Білім алушының жеке оқу жоспары қосымша білім беру модульдері мен жазғы семестрлерді, олар игерілетін серіктес-ЖОО, қайта есептеу тәртібін қамтуы мүмкін.

6.14 Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар, білім алушы тәжірибенің барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

6.15 Қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде әртүрлі оқыту технологияларын, онлайн-оқытуды пайдалануға болады.

6.16 Әр оқу жылының соңында Дулати университеті мен бағдарламаның тиісті модулін іске асыратын ЖЖОКБҰ-серіктес білім алушыға транскрипт (сертификат) береді.

6.17 Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және уағдаластықтар негізінде екі транскрипт не бір бірлескен диплом беріледі.

6.18 ЖОО аралық келісім шеңберінде қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Дулати университетінің нормативтік құжаттарымен айқындалады.

7. ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1 Қос дипломды білім бойынша қабылдау процедуралары №7, 8 тармақтарда сипатталған.

7.2 Тіркеу офисі мен ХЫБ білім алушылардың болуына мониторинг пен бақылау жасауға, кафедра білім алушылардың оқуын мониторингілеу мен бақылауға жауапты.

7.3 ХЫБ білім алушыны шетелдік ЖЖОКБҰ-серіктеске оқуға жіберуді ұйымдастырумен және шетелдік білім алушылардың Дулати университетінде болуымен, қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың қозғалысы бойынша бұйрықтарды ресімдеумен айналысады.

7.4 ЖЖОКБҰ-серіктесте оқу барысында Қазақстан Республикасының беру гранты бар білім алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендия алады. ЖЖОКБҰ-серіктесте оң бағалары бар аралық аттестаттауды сәтті тапсырған кезде келесі семестрге стипендия тағайындалады.

7.5 ЖЖОКБҰ-серіктесте оқу ақысы жасалған шарт (келісім) негізінде жүзеге асырылады.

7.6 Қос дипломды білім алушы білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына кіретін барлық пәндерді меңгереді.

7.7 Екі білім беру бағдарламасының пәндерін қамту білім алушылардың жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Білім алушы практиканың барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

7.8 Қос дипломды білім берудің оқу жоспарларын әзірлеу кезінде Дулати университеті және ЖЖОКБҰ-серіктес пәндер тәртібін, оқу және кәсіптік практикалардан өтуді, аралық аттестаттау процедураларын қоса алғанда, оқыту траекториясын дербес айқындайды.

7.9 Оқудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оқу жетістіктері (академиялық көрсеткіштері) әр семестр бойынша семестр аяқталғаннан кейін ЖЖОКБҰ-серіктестерге жіберіледі.

7.10 Әр оқу жылының соңында бағдарламаның тиісті модулін іске асыратын ЖЖОКБҰ-серіктес білім алушыға транскрипт береді.

7.11 Тіркеу кеңсесі есептелген пәндер мен кредиттер санын ЖЖОКБҰ-серіктес белгісі бар академиялық транскриптке қосады.

7.12 Қос дипломды білім беру бағдарламаларына қатысу және іске асыру үшін қажетті құжаттар:

– Келісім;

- келісілген білім беру бағдарламалары;
 - БББ ЕПВО-да тіркелуі керек;
 - білім алушының өтініші;
 - білім алушының ЖЖОКБҰ-серіктеспен және Дулати университетімен шарты (үшжақты);
 - ЖЖОКБҰ-серіктестердің талабы бойынша өзге де құжаттар.
- Келісім келесі шарттарды қамтуы керек:
- білім беру бағдарламаларының деңгейі;
 - құқықтық реттеу;
 - қабылдау шарттары;
 - оқыту тетігі (білім беру бағдарламаларын іске асыру тәртібі мен мерзімдері, білім беруді тану);
 - қаржылық қатынастар;
 - Келісімнің қолданылу мерзімі;
 - және басқа шарттар.
- Қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ЖЖОКБҰ-серіктесті таңдау кезінде назарға алынады:
- ЖЖОКБҰ-серіктестігінде білім туралы құжат беру құқығын беретін ресми лицензияның (және аккредиттеудің) болуы;
 - ЖЖОКБҰ-серіктестерінің рейтингі;
 - жақсы материалдық-техникалық және зертханалық базаның болуы.

8 БІЛІМ АЛУШЫНЫ ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

8.1 Қол қойылған ЖОО аралық келісім және бекітілген бірлескен жұмыс оқу жоспары шеңберінде ЖЖОКБҰ-серіктестің үйлестірушісі Дулати университетінің Тіркеу офисі мен ХЫБ үйлестірушісіне шетелдік білім алушыларды қабылдау туралы қарау және келісу үшін құжаттардың толық пакеті бар кандидаттардың тізімін жібереді.

8.2 Тіркеу офисі мен ХЫБ үйлестірушісі кандидаттардың тізімін факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне келісуге жібереді.

8.3 Кафедрада кандидатты қабылдау туралы келіскеннен кейін факультет деканы шетелдік білім алушыны қабылдау туралы ХЫБ-ға ұсыныс жолдайды.

8.4 ЖОО аралық келісімдер шеңберінде шетелдік білім алушыларды қабылдау туралы келісу кезінде ХЫБ үйлестірушісі құжаттардың толық пакетімен ЖОО аралық келісім шеңберінде қос дипломдық бағдарламаға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

8.5 ҚДБ бағдарламасы бойынша білім алушылар келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- құжаттар пакеті (ЖЖОКБҰ-серіктес талаптарына сәйкес);
- Басқарма төрағасы - Ректордың атына өтініш;
- әр оқу жылы аяқталғаннан кейін транскрипттің түпнұсқасын тіркеу офисіне транскрипттің көшірмесін ХЫБ және жетекшілік ететін факультетке ұсыну;

8.6 Бұйрық шыққаннан кейін ХЫБ үйлестірушісі ресми шақыру хатын және шетелдік білім алушыларды ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрықты шетелдік білім алушыларға жолдайды.

8.7 ХЫБ үйлестірушісі қажетті құжаттарды жинау және білім алушының визасына беру процесін үйлестіреді.

8.8 Тиісті бөлімдер мен кафедралар ЖЖОКБҰ-серіктесінің талабы бойынша қандай да бір ақпарат пен құжаттарды ұсынуы тиіс.

9 ЖЖОКБҰ-СЕРІКТЕСКЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

9.1 Қол қойылған ЖОО аралық келісім және бекітілген бірлескен жұмыс оқу жоспары шеңберінде факультетте жауаптылар қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқуға даярлау бағыты бойынша кандидаттардың тізімін ХБББ жібереді.

9.2 Факультеттің сұранымы негізінде ЖЖОКБҰ үйлестірушісі серіктес ХЫБ қос дипломды БББ бағдарламалары шеңберінде білім алушыларды қабылдау жөнінде ресми хат жолдайды.

9.3 Кандидаттарды шетелдік серіктес ЖЖОКБҰ қабылдаған кезде шетелдік ЖЖОКБҰ үйлестірушісі Дулати университетіне оқуға ресми шақыру жібереді.

9.4 Шетелдік серіктес ЖЖОКБҰ кандидаттарын қабылдау кезінде ХЫБ үйлестірушісі білім алушының өтінішін, факультеттен білім алушының құжаттарының толық пакетін ұсынуды сұрата отырып, білім алушыларды қабылдау туралы ақпаратты кафедраға жібереді.

9.5 ХЫБ үйлестірушісі қажетті құжаттарды жинау және білім алушының визасына беру процесін үйлестіреді.

9.6 Осыдан кейін Дулати университеті ХЫБ үйлестірушісі ЖОО аралық келісім шеңберінде қос дипломдық бағдарламаға қабылдау туралы бұйрық шығару үшін Тіркеу кеңсесіне құжаттардың толық пакетін жібереді.

10 ЖЖОКБҰ-СЕРІКТЕС ҰЙЫМДАРДАН ШЕТЕЛДІК БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БОЛУ ТӘРТІБІ

10.1 Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік білім алушы Дулати университетіне келгеннен кейін факультет (кафедра) оның ХЫБ келуін қамтамасыз етеді.

10.2 Шетелдік білім алушы Тараз қаласының көші-қон қызметінде қажетті рәсімнен өтуі тиіс.

10.3 Шетелдік білім алушының келу ережесі «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ-да шетелдік білім алушылардың келу тәртібінде қарастырылған.

10.4 Кафедра эдвайзері шетелдік білім алушыға академиялық және өзге де мәселелер бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

10.5 Шетелдік білім алушы факультет деканының, ХЫБ-мен келісілген мектеп басшысының ұсынысы бойынша кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес оқудан шығарылуы мүмкін.

10.6 Мемлекеттік/кешенді қорытынды емтихандардың және дипломдық жұмысты/магистрлік/докторлық диссертацияны қорғаудың нәтижелері бойынша оқытудың толық курсы сәтті аяқтаған кезде шетелдік білім алушыға БББ сәйкес Дулати университеті дипломы беріледі немесе жіберіледі.

10.7 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Дулати университеті шетелдік білім алушының құқыққа қайшы әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауап бермейді.

11 ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЫҚТИМАЛ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ АЗАЙТУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖОЮ ШАРАЛАРЫ

Тәуекел түрлері	Азайту және/немесе жою жөніндегі іс шаралар
Студенттер мен ПОҚ-тың шет тілін білуінің жеткіліксіз деңгейі	ПОҚ студенттеріне арналған тілдік курстар

ЖЖОКБҰ-серіктестер арасындағы біркелкі емес ұтқырлық «біржақты» қос дипломдар	Шетелдік студенттер үшін материалдық-техникалық база мен сервистерді жетілдіру, ҚР ЖЖОКБҰ сапасын қамтамасыз ету және тартымдылығын арттыру (рейтинг және т.б.)
ЖЖОКБҰ-серіктестер арасындағы кредиттердегі пәндер мен олардың көлемдерінің сәйкес келмеуі	Бірыңғай білім беру бірлесіп әзірлеу
ҚР ЖЖОКБҰ-да қос дипломды БББ бағдарламаларының мәні мен мазмұны туралы бірыңғай түсініктің болмауы	Ұлттық деңгейде қос дипломды БББ-ға бірыңғай тұжырымдама мен тәсілдерді әзірлеу

12 ОҚУ ЖӘНЕ ТҰРУ АҚЫСЫ

12.1 Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқу құнын ЖЖОКБҰ-серіктес бағдарламасын іске асыруға олардың әрқайсысының нақты қатысуын ескере отырып, серіктес ЖЖОКБҰ ұлттық заңнамаларында белгіленген оны іске асыруға жұмсалатын шығындардың құнын негізге ала отырып айқындайды.

12.2 Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқыту есебінен қаржыландырылуы мүмкін:

- бюджеттен тыс қаражат;
- халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік және жеке қорлардың қаражаты, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де демеушілік қаражаттар;
- білім алушылардың жеке қаражаты.

12.3 Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ЖЖОКБҰ мен жасалатын келісімге сәйкес білім беру қызметтеріне ақы төлеу сәтінде іс жүзінде білім беру процесі жүзеге асырылатын серіктес ЖЖОКБҰ-да төленеді.

13 ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А

* келісім жасау кезінде міндетті түрде толтыру

Пәндерді қайта есептеу тәртібі

№	Дулати университеті			ЖЖОКБҰ-серіктес		
	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Сағаттар	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Сағаттар
1 семестр						
2 семестр						
3 семестр						
4 семестр						
5 семестр						
6 семестр						
7 семестр						
8 семестр						

